

Көлкент ауыл округі М.Оразалиев ауылының Абай көшесінде шектеу іс - шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Көлкент ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 8 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 мамырда № 2672 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Көлкент ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 245 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Көлкент ауылдық округі әкімінің 10.09.2014 № 245 шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының Сайрам аудандық аумақтық инспекциясының басшысының 2014 жылғы 13 наурыздағы № 01-04/125 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көлкент ауыл округі М.Оразалиев ауылының Абай көшесінде тұратын азамат М.Есболаевтың иті құтырық ауруымен ауруына байланысты М.Оразалиев ауылының Абай көшесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көлкент ауыл округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы С.Айнабеков*